Ақтөбе облысының білім басқармасы
« Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№3 Хромтау орта мектебі»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

031100, Хромтау қаласы
Абай даңғылы 7үй
факс:21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

«Хромтауская средняя школа №3
государственного учреждения
«Отдел образования
Хромтауского района
Управления образования
Актюбинской области»

031100, город Хромтау
Проспект Абая,дом 7
факс: 21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

БҰЙРЫҚ №381 Н/Қ
29.11.2024ж.
№3 Хромтау орта мектебі

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуын зерделеу туралы»

2024-2025 оқу жылындағы мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024 жылдың 02-06 желтоқсан күндері аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылу жай-күйі тексерілсін /7-8 класс/.

2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуын зерделеу /7-8 кл./ қорытындысы 2024 жылдың желтоқсан айында директор орынбасарлары жанындағы кеңес отырысында талқылансын.

Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Е. Ермахановаға, Г.К.Туякбаеваға жүктелсін.

№3 Хромтау орта мектебі директорының м.а. М.Е.Ермаханова

Сканировано с CamScanner

Қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерінің оқытылуы

/7-8 сынып/

Тексеру мақсаты: мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 7-8 сыныптар бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерінің оқытылуын бақылау.

Тексеру барысы: сабақтарға қатысу, мұғалімнің күнтізбелік, күнделікті сабақ жопарларының сынып журналымен сәйкестігін тексеру.

Тексеру мерзімі: 02-06 желтоқсан

Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 7-8 сыныптардың қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерінің оқытылуы қаралды. Сабақтарға қатысу, мұғалімнің күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларының сынып журналымен сәйкестігі тексерілді.

7-8 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3 мұғалім сабақ береді.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Санаты	Сабақ беретін кластары
1	Имекешева К.М.	Зерттеуші	7а, 8б, 8в
2	Бітімбай А.С.	Педагог	7б, 8а, 8ә
3	Абылаева З.Р.	Педагог	7ә,7в

1. Бітімбай А.С.

Сабақ беретін сыныптары: 7б, 8а, 8ә. Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспары сәйкес келеді. 05 желтоқсан күні 7б сыныбындағы /қазақ тілі/ «Музыкалық бағыттар мен аспаптар» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақ барысында тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары қолданылды. Сабақ барысында топтық, жеке тапсырмалар берілді және «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы кері байланыс алынды. Жаттығу жұмысын орындап, топ ішінде талдау жасалды. Оқушылардың сабаққа ынтасы жоғары деңгейде болды. Кейбір оқушылардың сабаққа қатысуы, сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше талдау жасаулары жоғары деңгейде болды. Электрондық журнал толтырылған.

2. Бітімбай А.С.

Сабақ беретін сыныптары: 7б, 8а, 8ә. Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспары сәйкес келеді. 03 желтоқсан күні 8а сыныбындағы Ш.Құдайбердіұлы. «Еңлік-Кебек» поэмасы тақырыбындағы сабағына қатыстым. Ұйымдастыру кезеңі болды. Жыр үзінділері арқылы оқушылар топқа бөлінді. Үй жұмысы сұрақтар қою арқылы тексерілді. Сабақта топтық және жеке тапсырмалар берілді және кері байланыс алынды. АКТ қолданылды. ЕББҚ оқушыға арналған тапсырмалар болды. Оқушылар сабаққа қызығушылықпен қатысып отырды. Сабақты қорытындылау бөлімінде кері байланыс жасалып, оқушылар бағаланды және үйге тапсырма берілді. Оқушылардың сабаққа ынтасы жақсы деңгейде болды. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс өз деңгейінде болмады.

Сканировано с CamScanner

Қазақ тілі пәні бойынша білім сапасы

Мұғалімнің аты-жөні	пәні	класы	бала саны	"5"	"4"	"3"	1 тоқсан
Имекешева К.М	қазақ тілі	7 а	22	7	9	6	72%
Аблаева З.Р.	қазақ тілі	7 ә	20	2	14	4	80%
Бітімбай А.С.	қазақ тілі	7 б	20	5	10	5	75%
Аблаева З.Р.	қазақ тілі	7 в	19	2	8	9	53%
Барлығы:		**7 кл**	**81**	**16**	**41**	**24**	**70%**
Бітімбай А.С.	қазақ тілі	8 а	22	3	11	8	63%
Бітімбай А.С.	қазақ тілі	8 ә	23	5	9	9	60%
Имекешева К.М	қазақ тілі	8 б	22	1	12	9	59%
Имекешева К.М	қазақ тілі	8 в	24	2	12	10	58%
Барлығы:		**8 кл**	**91**	**11**	**44**	**36**	**60%**

Қазақ әдебиеті пәні бойынша білім сапасы


Мұғалімнің аты-жөні	пәні	класы	бала саны	"5"	"4"	"3"	1 тоқсан
Имекешева К.М	қазақ әдебиеті	7 а	22	7	9	6	72%
Аблаева З.Р.	қазақ әдебиеті	7 ә	20	2	14	4	80%
Бітімбай А.С.	қазақ әдебиеті	7 б	20	5	10	5	75%
Аблаева З.Р.	қазақ әдебиеті	7 в	19	2	8	9	53%
Барлығы:		**7 кл**	**81**	**16**	**41**	**24**	**70%**
Бітімбай А.С.	қазақ әдебиеті	8 а	22	3	11	8	63%
Бітімбай А.С.	қазақ әдебиеті	8 ә	23	5	9	9	60%
Имекешева К.М	қазақ әдебиеті	8 б	22	1	12	9	59%
Имекешева К.М	қазақ әдебиеті	8 в	24	2	12	10	58%
Барлығы:		**8 кл**	**91**	**11**	**44**	**36**	**60%**


Қорытынды:


1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері сабақтарының жүргізу сапасы жақсы

Ұсыныс:

1. Пән мұғалімдеріне: оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеру.
2. Үлгерімі төмен оқушыларға жеке тапсырмалар беру.







Сканировано с CamScanner